



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТ
ШЕТ ЕЛДЕН КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН ОРЫС
ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ
КАФЕДРА РУССКОЙ ФИЛОЛОГИИ ДЛЯ ИНОСТРАНЦЕВ



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
V МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
«КАЗАХСТАН В МЕЖДУНАРОДНОМ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ»

Алматы 2013
4 сәуір 2013 ж.

<i>Әбутәліп О.М.</i> Ай ұғымына қатысты фразеологиялық бірліктер	94
<i>Әбікей А.</i> Сұлтанбек Қожанов және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу мәселесі	99
<i>Базарбаев Қ.</i> Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына жас түріктер қозғалысы идеяларының ықпалы (XIX –XX ғғ.)	103
<i>Бакимбаева С.Т.</i> Основные трудности понимания речи на слух	106
<i>Бақбергенәва Р.Қ.</i> Шетелдік студенттерді қазақша сөз этикетіне үйретудегі интерактивті қатысым ұстанымы	111
<i>Балгазина Б.С.</i> Особенности функционирования русского языка в современном казахстане	116
<i>Бан Йо Саб (Республика Корея), Жумагулова Б.С.</i> Организация урока-диспута на занятиях русского языка	118
<i>Баукешова Б.</i> Шағын жинақты мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері	121
<i>Бегалиева Л.Б.</i> Денотат арқылы қалыптасқан зат есімді синонимдер	124
<i>Бегалиева С.Б.</i> О профессиональной компетентности будущего педагога	128
<i>Бекешова Г.У.</i> Студенттердің ЖОО жағдайына бейімделу кезіндегі педагогикалық-психологиялық қолдау	131
<i>Бекмурзина Ж.М.</i> К вопросу об этнопедагогической компетентности современного педагога	134
<i>Берикханова А.Е.</i> Об актуальности формирования культур умственного труда будущих специалистов	136
<i>Бетимбаева И.Б., Мукеева Д.А.</i> Актуальность индивидуализации и дифференциации учебной деятельности на опыте современной зарубежной практики	140
<i>Бисембаева Ж.К.</i> Бастауыш мектеп оқушылардыана тілі сабағында өз бетімен жұмыс жасауға үйрету жолдары	143
<i>Бисенов Н.А.</i> Азаматтардың әрекеті мен мінез- құлқына ықпал ет тәсілдерінде әкімшілік мәжбүрлеудің теориялық ерекшеліктері	147
<i>Бисенов Н.А.</i> Әкімшілік мәжбүрлеудің теориялық ерекшеліктері	149
<i>Богданова Т.В.</i> Развитие понимания обобщенного значения и использования фразеологической лексики в речи старших дошкольников	152
<i>Бокина А., Кушеров Р.</i> Еліміздегі жанартпашылық кезеңдегі жастар тәрбиесі	155
<i>Брулева Ф.Г.</i> К вопросу об использовании пословиц и поговорок на занятиях с иностранными студентами	159
<i>Бузурманкулова Ж.А.</i> Формирование ответственного отношения к собственному здоровью школьников путем интеграции учебных дисциплин	161
<i>Бураханова А.С.</i> Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың маңызы	164
<i>Бутова Е.</i> Социальная компетентность студентов творческих вузов	168
<i>Ван Шей Мэй (КНР)</i> Проблема произношения сонорных согласных в иностранной аудитории	171
<i>Ван Шу (КНР)</i> О понятии психологизма в рассказах	172

		оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;
7	әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол.	ШЖКМ оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кенде, кейін қалады
8	мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолданады	

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету көкейкесті мәселелердің бірі, өйткені қойылатын талап негізгі мектептермен бірдей. Шағын жинақты мектептің мұғалімдерінің жұмысындағы қиындықтарына қарамастан, мектеп мұғалімдері оқушыларды екінші жылға қалдырмай, толық үлгеріммен жұмыс жүргізіп, оқушыларға жан-жақты білім беріп, олардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы: – Алматы, 1999.
2. ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, РОНД, 2002.
3. Фролов П.Т., Соловецкий И.С. Особенности педагогического процесса в малокомплектной школе (Сборник). – М., «Просвещение», 1991.
4. Адыбаева Л.Д. Шағын жинақталған мектеп жұмысын ұйымдастыру. – Алматы, 2001.
5. Астамбаева Ж.Қ. Шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту технологиясы. – Алматы, 2008.

*Бегалиева Л.Б., ф.ғ.к., доцент
ХБА (Қазақстан, Алматы)*

ДЕНОТАТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЗАТ ЕСІМДІ СИНОИМДЕР

Қазақ тіл білімінде синоним сөздердің жасалу сипаты, жалпы сөз жасау процесіндегі негізгі заңдылықтары, синонимдік қатарлардың пайда болуын қажетсініп отырған мәселелерді зерттеуге мән беру бүгінгі тіл білімінің негізгі міндеттерінің бірі. Синонимдер, антонимдер, омонимдер, көпмағыналы сөздер деп мағыналық тұрғыдан тілдік бірліктерді бөлгенмен де, олардың барлығының сөз атты категорияның бір бөлшегі екені даусыз. Сөз арқылы тілді, адамзат тілін, тілді ойлау, таным, болмыс тұрғысынан зерделеу болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, сөздің біздің зерттеу нысанымызға орай, синонимдердің негізгі ұғымдық қайнар көздері қайдан бастау алатыны зерделеуді қажет етеді деп танимыз. Жаңа айтып өткеніміздей, тіліміздегі синонимдер сөздік құрамдағы барлық дерлік сөздерді қамтитын болса, олардың барлығының да белгілі бір ұғым арқылы негізделгені айқын. Сөздік құрам адамзат өзіне қажет деп таныған атаулардың барлығын қамтитындығын ескере отырып, бізді қоршаған ортаның барлығының атаулары синонимдерді, синонимдік қатарларды құраған. Ендеше, атауы бар барлық заттар мен құбылыстардың қимылы мен қызметі, сыны мен сапасы, саны мен мөлшері, мекені мен мезгілі, белгісі мен болмысы синонимдердің пайда болуына, дамуына қолданысына үлкен әсер еткен.

Адам өзін қоршаған ақиқат болмысты көріп, тани отырып, оларға түрліше атау берген. Атау беру процесі олардың түрлі денотаттық, сигнификаттық, референттік

коннотативтік мәндеріне де сай болған. Мысалы, адамзат баласы аспанның түрлі қасиеттеріне қарап оған атау берген. *Аспан, көк, әуе, шарық*. Жоғарыдан жерге қарау күмбез сияқты көмкеріліп көрінетін атмосфералық кеңістік. Сұр бұлт, түсі суық қаптайды *аспан*, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан (Абай). Дауысы көкке жетіп, аспан жарған, Естілік әуезінді бір түн біз де (Жамбыл). Таңертеңгі тұнық *әуеде* биікке шығып алып, қалықтап бозторғай шырылдайды (Б. Соқпақбаев). Қанаттарын қағып, биік *шарыққа* көтерілді бозторғай (С. Талжанов) [1, 41 б.]. Осындағы *аспан* сөзіне синоним болып тұрған *әуе, көк, шарық* сөздерінің өзіндік жасалу жолдары адам танымына тәуелді. Аспанның *көк* аталуының себебі түсіне байланысты, *әуе* деп аталуы физикалық құбылысына сәйкес, *шарық* деп аталуы оның биіктік семасына байланысты болса керек. *Шарық* атауына байланысты, біздіңше, бірнеше болжам жасауға болады: 1) шарық деп аталуы биіктік семасына байланысты болуы мүмкін; 2) шарық деп аталуы күмбез сияқты көмкеріліп көрінетініне байланысты домалақтық сипатына сай шарық – шар іспеттес деген ұғымнан да тууы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, *аспан//көк // әуе // шарық* синонимдік қатарларының денотаттары астрономиялық дене аспан болды. Осындай жолмен синонимдердің денотаттарын анықтауға мүмкіндік туады.

Әлемнің тілдік бейнесі әр ұлтта әр түрлі болуы сол халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесімен, ілім-білімімен тікелей байланысты. Себебі тілдегі сөздердің жасалуында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың әсері мол болады. Ғалым А.Б. Салқынбай экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға мынадай сипаттама береді: «Экстралингвистикалық фактор – табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әр түрлі белгілері мен қасиеттерінің танылуы адам баласының өзінің қолмен жасаған заттары мен олардың әр түрлі белгілері мен қасиеттерін атау қажеттігі. Денотаттық номинативтік белгілері қарапайым не күрделі сипатта адам танымында қабылданып, ол туралы ұғым қалыптасады. Лингвистикалық фактор – қалыптасқан ұғымды атау үшін санада зат пен құбылыстың ұқсастық белгілері, жақындығы, мәндік тіркестігі айқындалып, тілдік таңбамен таңбаланады; іріктелген атау туынды сөздің негізгі мағынасын, уәжін белгілейді; сөзжасамдық тұлғалар арасында валенттілік сәйкестік пен тіркесімділік қатынас орнайды; бұл қатынас деривациялық қатынас болады» [2, 40 б.]. Қазақ ұғымында бүкіл бір әулет тараған *үйді үлкен үй, шаңырақ, қара шаңырақ* деп атау дәстүрі бар. Бұл атаулардың этнолингвистикалық сипаты тілдің терең қатпарларынан орын алады. *Шаңырақ, қара шаңырақ* деген атау тек қазақ ұлтына ғана тән атау. Мұндағы *үйдің шаңырақ* аталуы бүтіннің бір бөлшегінің үй ұғымына атау болып танылуын қазіргі білімінде синекдоха деп атайды. Этнолингвистикалық синекдоха қазақ ұғымындағы *шаңырақтың өте киелі екендігін айғақтап тұрған секілді. Шаңырақ* сөзі қазақ жүрегіне терең ұялайды. Шаңырақ киіз үйдің ең ортаңғы әрі үйді биіктетіп, олардың бүкіл уық, тергелерінің басын құрастырып тұрушы құрал ретінде аса жоғары бағаланады. Сол себепті де *шаңырақ* сөзі бүтін бір үй ұғымын негіздейді. Қазақта шаңыраққа қатысты *шаңырағың биік болсын, шаңырақты ортаға түсіру, шаңырағын шайқалту, қара шаңырақ, шаңырақ иесі* секілді этнотанымнан туған этнофразеологизмдер кездеседі. Соның ішінде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған *қара шаңырақ* синонимінің берер ұғымы ерекше. Бұл ұғым ата-баба мен әке-шешеден мұра болып қалған ескі шаңырақ, *үлкен үй* деген мағынаны береді. Қазақ ұғымындағы *қара* сөзінің мағынасының тереңде қалғанын осы ұғымнан аңғаруға болады. Денотаттары киім болып саналатын қазақ тілінде көптеген синонимдік қатарлар қалыптасқан. Бұрынғы кезде тон сөзі барлық сырт киім атауларының орнына жұмсалған концептілік атау болған. Сол себепті шекпен, *шидем*, жадағай секілді киім атаулары тон сөзінің орнына да жұмсалған. Бұл тұрғыдан алғанда, бір кездері бұл сөздердің синонимдік қатар құрағандығын, қазір тілдің, адам

ұғымының дамуына байланысты ара-жіктері ажырап, әрқайсысы жеке-жеке атауларына таңылған деп пайымдауымызға болады.

Алғашқы қоғам адамдары дүние жөніндегі өздерінің түсінігін табиғат құбылысты бақылау негізінде дамытты. Бұл кезде алғашқы қоғам адамы табиғатты сырттай меңзесебінде болды. Шындығында, адам өзінің өмірлік ісін теориялық болжаудан не табиғатты тікелей бақылаудан бастаған жоқ, ол оны еңбек етіп өмір сүру және табиғатты түрлендіріп, өзіне бағындыру күресін де бастады. Зат ұғымы негізгі ұғымдардың яғни зат турасындағы ұғым мәдениеттің тууымен және оның дамуымен тікелей байланысты. Зат ұғымы мен оның атаулары, заттық ұғымның синонимдік парадигма еңбек үдерісінде пайда болған. Адамзат мәдениет есігін аша бастаған таңда, ең алдымен табиғи заттарды қолдана бастады. Олар мыналар: жер, су, ауа, көл, теңіз, ағаш, топырақ, өсімдік, ас т.б. Жеке нәрселерді атау нәтижесінде шыққан заттар ұғымы адам мәдениетінің негізгі табыстарының бірі болып табылады.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы тіл білімі негізінен, антропоцентристік бағытта тілдік мәселелерді шешуге ұмтылады. Бүгінгі лингвистика ғылымы тілді адам ақиқат шындықпен, идеалды бейнелеудің адамзат баласына ғана бұйырған сана арқылы рухани байлықпен, дүниетанымдық көзқарастарымен тікелей байланысты. «Адам, ойлау, тіл» ұғымы, мәселесі тілді когнитивті тұрғыдан зерттеуде мол өзектілікке ие болады. Өйткені тілді тек құрылымдық тұрғыда зерттеу шеңберінен шығып, қоғамда суретін адамзат тобының мол мүмкіндіктеріне жүгінгенде ғана толық ашылады. Адам баласына ғана берілген тіл, ұғымдық, мағыналық мәнге ие тіл, адамды адам етіп оған тіл өзіне тән ерекше қасиетімен танылады. Бұл тұрғыдан алғанда, тілдің когнитивті танымдық қызметі зор. Когнитивтік қызмет арқылы тілдің танымдық, денотативтік референттік қызметтері қоса көрінеді. Ендеше, тіл тек қана зат атауы ғана емес, халық белгілі бір кезеңдегі таным-түсінігі, қалай өмір сүргенінен хабар беретін деректік мәлімет атқарушы, өмір салтының жемісі. Тілді когнитивті тұрғыдан зерттеуде когнициясына назар аударылады. Адамның іс-әрекеттері ғана емес, ұлттық талдауы, таңдауы, ұлттық модельдері, когнитивтік модельдегі символдың түрлері зерттеледі. Адамда білім ретінде жинақталып, когнитивті жинақталған дүниесін туғызады.

Когнитивті лингвистика мәселесімен жан-жақты қарастырып жүрген ғалым Кубрякованың еңбегінде: «Дүниенің тілдік бейнесі әмбебап сипатқа ие кешенді, бейнесі құрылымындағы концептуалды моделінің негізгі бөліктерінің бірін құрайды үшін монолиттік тұтастыққа ие дүние бейнесін танып білуге апаратын ұғым-түсінікпен білімдер жиынтығы», – деп, тың тұжырым жасалса [3, 141 б.], ал В.Г. Колшанский еңбегінде: «Дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз – ұлттық тіл арқылы бекіген сыртқы ішкі белгілер жөніндегі ақпараттар мен білімдер жиынтығы [4, 49 б.], – деп дәйекті Қазак жалқы есімдерінің когнитивтік аспектілерін зерттеген ғалым

Тілеубердиев: «Когнитивтік лингвистика құрылымдарды қарастырумен қатар санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай-ақ тілдік тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асырылуына қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпараттарды ашу және ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құрылымына жатады», – дейді [5, 12 б.]. Сондай-ақ қазіргі ғылыми тенденцияда дүниенің екі көрсетіп жүргенін де ескеруіміз қажет. Біріншісі дүниенің концептуалды бейнесі (дүние), екіншісі дүниенің тілдік бейнесі. Біріншісіне қарағанда, дүниенің тілдік бейнесі ақпараттық көлемі жағынан кең әрі құрылымы жағынан да күрделі болып келеді. Өйткені дүниенің тілдік бейнесіндегі тілдік және тілдік емес ақпараттардың сан алуандығы молдылығы да өз әсерін тигізеді.

Сөзжасамдық мағына туынды сөз құрамындағы сөздердің мағынасы ар жасалатын жаңа мағына екені белгілі. Осы реттен алғанда, айталық, *ақылгөй, ақы көреген, данагөй, ақылман сөздерінің (Қазақ тілінің синонимдер сөздігінен)* ұғы және мағыналық сипатын талдар болсақ, синонимдік қатар құрамына енген бес беретін мағыналары әр түрлі. Бұл сөздердің өзіндік лексикалық мағыналары бар. бір-бірінен сәл болса да ерекшеленіп тұрады. Бұл сөздердің жеке мағынасы белгілі ұғымдардың адам санасындағы сәулесін өздігінше айқындап тұр. Бұлардың жеке алғандағы мағыналары мен ұғымдық мазмұны ақыл, дана, көру тұлғалары арна уәжделген. Яғни жаңа туынды мағына мен оларды құрастырушы сыңарлар мағына арасында біраз ұғымдық айырмашылық бар. Сондықтан да жаңадан жасалған мағына туынды мағына – жаңа атау сөз ретінде танылады. Сөздегі ұғым мен мағына және атау өзара байланысты қарала алады. Лингвистикалық түсініктің ұғымға айналуы, ойлау белгіленген ұғымның мазмұны сөз тұлғасына еніп, бекіген. *Ақылгөй, ақылышы, ақыл* сөздерінің ішкі мағыналық құрылымдары жақын, бір түбірден тараған тұлғалар болғанмен, жұрнақтардың жалғануы негізінде жаңа мағынаға ие болған. Ақыл сөзі «көр» тұлғасының арасында мағыналық жақындық жоқ деп айтуға болмайды, бұл сөз концептік жүйеде ортақ ұғымға негізделген. Тілімізде жиі жұмсалатын *көкірек көз, ақылдың көзі, көзбен көру* сияқты тіркестер бар. Демек, ақылды, дана болу көкірек көз ашықтығымен байланыстырылады.

Ақылгөй, ақылышы, көреген, данагөй, ақылман синонимдік қатарындағы тұлғалар синтетикалық тәсілдің негізінде, яғни сөз тудырушы тұлғалардың жалғануы арқылы жасалған туынды атаулар ретінде танылады.

Атаудың жасалуы, ең алдымен ұғымның сипатына байланысты. Ал ұғым қалыптасу кезінде заттар мен құбылыстардың негізгі номинативтік белгілері мен олардың ерекше қасиеттері арқылы көрініс табады. Синтетикалық тәсіл арқылы атаулардың жасалуына себепші негіз немесе түбір мен сөз тудырушы жұрнақтардың мағынасы арқылы жасалады. Олардың мағыналары арқылы жасалған жаңа туынды мағыналық мазмұн сөз тұлғалары арқылы қолданыс барысында бекиді. Жаңа ұғымның қалыптасуы мен себепші негіз ішкі мағыналық құрылымының арасында тығыз байланыс бар. Сөзжасамдық жаңа мағына құрамындағы сөздердің өзек мағыналары арқылы жасалып, өзінің жаңа арна мағынасын қалыптастырады. Айталық, *данагөй* сөзінің ішкі мағынасы «дана» сөзінен ерекше болғанымен, бір-бірінен алыстап кетпейді, бір семантикалық өрістің ішіне жатады.

Ақиқат болмыстағы заттар мен құбылыстардың адам санасында сәулеленген бейнеленген идеалды ұғымы болады, осы ұғымдар негізінде олар дыбыстала жамылғышты пайдаланып, сөздерге, таңбаларға айналады. Заттар мен құбылыстар жүйесі семасиология ғылымында денотат деп аталады. Денотаттық бөлік ақиқат болмыста заттың атауға айналуынан, адам санасында кез келген заттың, құбылыстың қасиеттері мен ерекшелігі, белгісі арқылы бейнеленіп барып пайда болады. Денотаттық компоненттің қызметі шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарға таңбаны орнықтыру екені белгілі. Мысалы, *адамдық, кісілік* синонимдік қатарын құраушы тұлғалардың денотаты біреу адам; *ағайыншылық, жақындық, туыстық, аталастық, туысқаншылық* – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат туыстық жақындығы бар адам; *алым, салық, алым-салық, зекет, пітір, құшыр* – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат ақша, қаржы; *әтір, жұпар, иіссу* – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат иісі жағымды, мөлдір сұйықтық; *әскер, армия, жасақ, қол, қосын, шеру* – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат – қолына қару ұстаған адам және т.б.

Синонимдік қатарларды түзуші атаулар үшін денотат деген белгілі бір сөз айтқанда, ойымызға келетіні зат не құбылыс немесе олардың нақты белгілері. Келтірілген

жоғарыдағы мысалдарды айтқанда немесе естігенде, сол зат туралы ұғым санамызға оралады да, концептік ұғымның көрінуіне жол ашады. Қазақ тіл білімінде семантиканы зерттеген ғалым М. Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты зерттеу еңбегінде: «лексикалық мағына дегеніміз – белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі», – деп жазады [6, 103 б.].

Олай болса, денотат арқылы қалыптасып, орындалатын денотаттық мағына жалпыланған, дерексізденген бейне, шартты болады. Осыған байланысты біздің зерттеу нысанамызға сәйкес кез келген заттар мен құбылыстар зат есімді синонимдердің денотаттары бола алады деп пайымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
2. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
3. Кубрякова Е.С. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. – М., 1998. – 169 с
4. Колшанский В.Г. Объективная картина мира в познаний и языке. – М., 1990. – 284 с.
5. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.

*Бегалиева С.Б., д.п. н. КазНПУ им.Абая
(Қазақстан, г.Алматы)*

О ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Отвечая требованиям непрерывно меняющихся потребностей развития общества, Республика Казахстан успешно входит в мировое экономическое, культурное, образовательное пространство. В последние десятилетия правительства развитых стран большое внимание уделяют сотрудничеству в области образования своих граждан. В резолюциях Болонской декларации отмечается необходимость установления более тесных связей в формировании и укреплении интеллектуального, социального и научно-технического потенциала. В связи с этим сформирован ряд целей для создания европейской зоны высшего образования и продвижения ее по всему миру.

В свете основных приоритетов Болонской декларации предъявляются новые требования к подготовке специалистов высшей квалификации, совершенствованию деятельности университетов.

На современном этапе развития общества происходят глубокие социальные и экономические преобразования, что накладывает свой отпечаток на все сферы деятельности человека. В Послании Президента страны народу Казахстана "Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев (2010 г.) говорится, что одним из приоритетов является: "Качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям. Вузы страны должны стремиться войти в рейтинги ведущих университетов мира. К 2015 году должна полноценно функционировать Национальная инновационная система, а к 2020 году она должна давать результаты в виде разработок, патентов и готовых технологий, внедряемых в стране" [1].

Процесс превращения науки в непосредственную производственную силу изменил характер творчества – оно стало носить массовый характер. В связи с этим выдвигаются повышенные требования к уровню творческой активности, способностей личности,